



# Шуақ шапқан нұр көктем, Құт әкелсін гүл көктем!



Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!



Газет  
2007 жылғы  
22 қарашадан  
шығады

# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№9 (917) Сәрсенбі 5 наурыз 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## ҚҰРМЕТТІ ДЕ АЯУЛЫ АНАЛАР, ҚАДІРЛІ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР!

Сіздерді Халықаралық әйелдер күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Дүниедегі тіршілік атаулы жаңарып, қызғалдақ пен бәйшешек бұр жарып, көктемнің келуі – бүкіл адамзат баласы үшін үлкен мереке. Біздің ардақты аналарымыздың, ару қыздарымыздың мерекесінен бастау алатын жылдың осы бір керемет мезгілі – бүкіл тіршіліктің бастауы. Отбасының, әулеттің алтын діңгегі, ұйтқысы, ұйымдастырушысы, жылуы да, жарығы да – әйел-ана.

Сіздерді көктеммен қатар келген 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Еліміз аман болсын, әлемде баянды бейбітшілік орнасын. Жүздеріңізді кірбің шалмасын, әрдайым денсаулықтарыңыз мықты, жүздеріңіз жарқын болсын!

Бас редактор  
Анар ЖАҚСЫБЕКҚЫЗЫ



## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі»  
газетіне  
жеке жазылушылар  
үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ  
АСЫҒА КҮТЕТІН  
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН  
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

• Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!  
• Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.



## САЛА БАСШЫЛАРЫНА ТАПСЫРМА БЕРІЛДІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен экономиканың нақты секторын қаржыландыру және Үкімет қаулыларының жобалары талқыланған Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы өткізген мәжілісте күн тәртібіндегі және басқа да маңызды мәселелерге орай жауапты сала басшыларына тапсырма берілді.

«Биыл ел экономикасының 107 пайыздық өсімін қамтамасыз ету міндеті қойылды. Өңірлер межесін Ұлттық экономика министрлігі әзірлеуде. Біз қаржыландыру көздерін тиімді ұйымдастырып, экономикалық өсімге қол жеткізуіміз қажет.

Бүгінде мемлекет бизнесті қолдап, ынталандыруда. Өткен жылы кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға барлық көзден 78 млрд. 651 млн. теңге бағытталды. Мемлекет басшысының, Үкіметтің жан-жақты қолдауымен ауыл шаруашылығы саласының дамуында оң динамика қалыптасты. Жыл сайын субсидия, жеңілдетілген несие беруге қомақты қаржы бөлінеді.

Жақын күндері көктемгі дала жұмыстары басталады. Егін егу науқанына қажетті жанар-жағармай, техника, тыңайтқыштардың нақты көлемін есептеп, дер кезінде жеткізілуін қамтамасыз етіңіздер. Бұл жұмыстарға

қала, аудан әкімдері де жауапты. Науқан еш кедергісіз өтуі үшін барлығын жүйелі ұйымдастырыңыздар. Тұрғындарға электр энергиясын, жылууды, суды және газды үздіксіз беруде ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес биыл халықты орталықтандырылған ауыз сумен 100 пайыз қамтуымыз қажет. Газдандыру деңгейін 82 пайызға жеткіземіз. Тиісті орталық атқарушы органдармен жұмыс жасап, жобаларды республикалық бюджет қаржысы есебінен барынша қаржыландыру, жетпеген бөлігіне арнайы қорларды, демеушілерді тарту керек. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен қару жөніндегі кенес жұмысын жандандырып, алдағы уақытта ең қажетті жобаларды бірінші кезекке қойыңыздар», – деді Н.Нәлібаев.

## ГҮЛДЕЙ НӘЗІК, БОЛАТТАЙ БЕРІК

«Анаға тағзым» орталығында «Гүлдей нәзік, болаттай берік» облыстық жұмысшы арулар фестивалін қорытындылауға арналған мерекелік жиын өтті. «1 наурыз – Алғыс айту күні» және «8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі» қарсаңында ұйымдастырылған шарада әр ауданнан арнайы келген жұмысшы арулар, алдымен, «Анаға тағзым» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, клуб-студиялардағы шеберлік сағаттарына қатысты.

Салтанатты жиында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова сөз сөйлеп, жұмысшы аруларға облыс әкімінің орынбасары Ш.Баймановтың алғыс хатын табыстады. Кәсіпқойлығы мен шығармашылығын шебер ұштастырып, аудандық кезеңде ерекше көзге түскен 12 қатысушыға фестивальда «Еңбегімен көрікті», «Құрыш білек», «Адал табыс», «Кәсіби шебер» секілді арнайы номинациялар берілді. Облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық

саясат жөніндегі комиссия, «Сыр елі облыстық әйелдер кеңесі» ҚБ және «Анаға тағзым» орталығы бірлесіп өткізген шарада жұмысшы арулар концерттік бағдарлама тамашалап, өздері де сахналанған қойылым көрсетті.

Жалпы, қарапайым еңбек адамдарының адал еңбегі мен жетістігін дәріптеп, өскелең ұрпаққа онегелеу, олардың қоғамдағы рөлін насихаттауды мақсат тұтқан шара Шиелі ауданынан бастау алып, оған түрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген 60-тан аса жұмысшы әйел қатысты.

## ӘКЕСІ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Арал аудандық сотында азамат А.-ға қатысты Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 442-бабы 3-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Іс құжаттарына сәйкес, азамат А. көмелетке толмаған баласының заңды өкілінің еріп жүруіне тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен кейін жүруіне жол беріп, бұл әрекетін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған.

Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті, өзінің кінәсін мойындаған жауабымен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен толық дәлелденген. Сот қаулысымен азамат А.-ға ӘҚБтК-нің 829-11 бабының 2-бөлігі басшылыққа алынып, 19 267 теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынды.

Арал аудандық соты



## «НЕВАДА-СЕМЕЙ» ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 36 ЖЫЛ

Семей ядролық сынақ полигонының жабылуына түрткі болған халықаралық антиядролық «Невада-Семей» қозғалысының құрылғанына 36 жыл толды.

Атаулы күнге орай Қызылорда қаласындағы «Тағзым алаңында» ядролық сынақ полигонында әскери борышын өтеп, құрбан болған азаматтарды еске алу митингісі өтті. Еске алу митингісіне Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы Ибадулла Құттықожаев, облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық «Қызылорда-Невада-Семей» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сәбит Әбіш, салалық ардагерлер, жастар ұйымдарының жетекшілері мен БАҚ өкілдері қатысты. Шарда облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов ардагерлерге ізгі лебізін білдіріп, дендеріне саулық тіледі.

«Қазақстан әлемде ядролық қарудан бас тартқан және халықаралық саясатта сенімнің жаңа моральдық үлгісін жасаған ел ретінде тарихта алтын әріппен жазылып қалды. Ендігі кезекте Ұлы дала төрінде тек бейбітшілік заман болып, аналарымыз мұңаймасын, балаларымыз жыламасын. Семей полигоны қасіретінен қаза болған аға-бауырларымызды әрдайым еске алып, тағзым етеміз, ұмытпаймыз», – деді Шахмардан Асқарұлы.

Шара барысында қатысушылар «Невада-Семей» ядролық сынағының зардабын жоюға қатысып қаза болған ардагерлерді 1 минут үнсіздікпен еске алды. Жиналғандар Сыр жұртшылығы атынан гүл шоқтарын қойып, ардагер сарбаздардың рухына құран бағыштады.

## ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, Алғыс айту және қасиетті Рамазан айында шаһар басшысы Нұржан Ахатов, қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев және қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шәкизат Төребаев жасы жүзге таяған ардагерлерге барып, сәлем берді.

Нұржан Сәбитұлы алдымен Тасбөгет кентінің байырғы тұрғыны, медицина саласының ардагері - Байсерке Райымқұловтың шаңырағында болды. Ақсақалдың иығына шапан жауып, сый-құрмет көрсетті. Байсерке ақсақал 92 жаста. Ол - Тартоғай ауылында бас дәрігер, Сырдария ауданының бас терапевті болған білікті дәрігердің бірегейі.

Мұнан кейін шаһар басшысы тыл ардагері, 96 жастағы Патымаш Әбдірваны құттықтады. Қала әкімі қиын-қыстау заманда қайсар мінез танытып, ел еңсесін көтеруге атсалысқаны үшін кейуанаға

алғысын айтты. Ақжаулықты әже ақ тілегін жеткізді. Бүгінде Патымаш ана 9 ұл-қыз өсіріп, олардан 33 немере, 14 шөбере сүйіп отыр.

Келесі аялдаған шаңырақ – білім саласының ардагері Марк Подольскийдің отбасы. Ұлағаты ұстаз ұзақ жылғы еңбегіне бас дәрігер, Қызылорда облысының «Құрметті азаматы» және Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері атағының иегері. Нұржан Сәбитұлы ұстазға ұзақ ғұмыр тіледі, атаулы күнге сай сый-сияпат жасалды. Өз кезегінде Марк Захарович мерекемен құттықтап, мерейін тасытқан ел азаматтарына ықыласын білдірді.

## 113 ӘЙЕЛДІҢ ҮСТІНЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ

Қазақстанда әлеуметтік төлемдерді қолдан көбейтіп алғандарға қылмыстық істер тергелуде бұл туралы еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова мәлімдеді.

Қазақстандағы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінде бір ғана әлеуметтік төлемнің максималды мөлшеріне шектеу қойылмаған. Ол босану және бала тууға арналған төлемдер. Жақыпова кейбір азаматтардың төлемдерді жасанды түрде көбейту жолдарын тауып жатқанын алға тартты.

«Қазіргі уақытта 113 алушыға қатысты 16-дан астам қылмыстық іс қозғалды. Және осы қылмыстардың нәтижесінде мемлекетке 158 миллион теңге залал келтірілді. 2024 жылдың қыркүйек айынан бастап 1500 алушы өз табыстарын жасанды түрде көтергенін ерікті түрде мойындады. Осылайша, әлеуметтік сақтандыру қорының активтері 3,4 миллиард теңгеге сақталды», – деп атап өтті Светлана Жақыпова.

2024 жылы әлеуметтік сақтандыру қоры 950 миллиард теңгеден астам соманы 1,4 миллион қазақстандыққа төледі.

«15 облыста жүйеге қатысушыларға төленген төлемдердің көлемі әлеуметтік аударымдардан түскен қаражаттан асып кеткен. Түркістан облысында - 3,6 есе, Жамбыл облысында - 2,7 есе, Шымкентте, Қызылорда, Алматы облыстарында - 2,5 есе, Маңғыстау облысы мен Абай облысында - 2 есе артық», – деп толықтырды Жақыпова.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР БАСТАЛДЫ

Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері Нәлқожа Ерғешбаевты еске алуға арналған тоғызқұмалақтан республикалық турнирдің ашылу салтанаты өтті.

Салтанатты шараға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев пен Имамзада Шағыртаев, ҚР тоғызқұмалақ спорт федерациясы заңды тұлғалар бірлестігінің вице-президенті, Қазақстанның Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Мақсат Шотаев, Қызылорда облыстық тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығының президенті Әбдіқадір Ерғешбаев сондай-ақ, зиялы қауым өкілдері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Ашылу салтанатында алғашқы құттықтау сөз алған облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов мемлекет және қоғам қайраткері Нәлқожа Ерғешбаевтың өнегелі өмірі мен аймақ дамуындағы қажырлы еңбегі туралы баяндады. Сондай-ақ, жас буынның спортқа құлшынысын арттыруда дәл осындай турнирлердің маңызы ерекше екенін тілге тиек етті.

– Әр тарихи кезеңнің халқымыз

үшін өз орны бары белгілі. Сол қоғамның дамуы мен өркендеуіне, ел іргесінің берік болып, халықтың ауызбіршілігі мен ынтымағының сақталуына еңбегі сіңген тұлғаларды еске алып, есімін ардақтау – баршамыздың ең басты парызымыз. Сондай арда азаматтардың бірі – мемлекет және қоғам қайраткері Нәлқожа Ақбалаұлы Ерғешбаев. Нәлқожа Ақбалаұлы - Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуында қайталанбас із қалдырған белгілі қоғам қайраткері. Ол еңбек еткен жылдары жастардың білімді, өнерлі және спортқа қызығушылығын арттыруда аянбай тер төкті. Бірнеше спорт нысандары мен мәдениет үйлерін ашып, жас өрендердің үлгілі азамат болып қалыптасуына сүбелі үлес қосты. Дарындыларды тәрбиелеудегі дара жолы бүгінде аймақ тарихында өшпес мұра, өнегелі ісі көпке үлгі болды. Бүгін мінекей, Сыр елінде мемлекет және қоғам қайраткері Нәлқожа Ерғешбаевты еске алуға арналған тоғызқұмалақтан дәстүрлі республикалық турнир



бастау алды. Бұл турнирде жеңімпаз атанған жас өрендеріміз халықаралық жарыстарда үздіктер қатарынан көрініп жүр. Сондықтан ой жарысының мықтыларын тәрбиелейтін дүбірлі доданы жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіміз керек. Тартысты бәсекеде шын мықтылар жеңіс тұғырынан көрінеді деп сенеміз!, – деді Шахмардан Асқарұлы.

Сондай-ақ, шара барысында ҚР тоғызқұмалақ спорт федерациясы заңды тұлғалар бірлестігінің вице-президенті Мақсат Шотаев пен Қызылорда облыстық тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығының президенті

Әбдіқадір Ерғешбаев жарыс қатысушыларына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, Әбдіқадір Ерғешбаев тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығы атынан Әлем Кубогының жеңімпазы, Әлем чемпионатының күміс жүлдегері халықаралық дәрежедегі спорт шебері Әлэйдар Ермұхамедке қаржылай сыйақы табыстады. Айта кетейік, биыл дәстүрге жалғасқан байрақты бәсекенің 17-ші мәрте жалауы желбіреді. Дүбірлі додаға еліміздің әр өңірінен келген 14 команда, 350-ге жуық тоғызқұмалақшы шеберліктерін сынамақ. Сайыс 7 наурызға дейін жалғасады.



## КОММУНАЛДЫҚ САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов және жауапты сала басшылары «Қызылорда тазалығы», «Жасыл Қызылорда», «Қызылорда автобус паркі» мен «Қызылордажылуэлектр орталығы» мекемелеріне барды. Мерекеге орай коммуналдық қызметтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз еткен жұмысшыларға аймақ басшысының Алғыс хаты табысталды.

«Баршаңызды Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ауа райының

қолайсыздығына қарамастан, күндіз-түні тазалық сақтауға аянбай атсалысудасыздар. Қала халқының тыныс-тіршілігіндегі қалыптасқан ырғақ бұзылмау үшін жолаушылар тасымалы, коммуналдық қызмет көрсету саласы қызметкерлері уақытпен санаспай еңбек етеді. Тұрғындарды деген жеріне жеткізіп, әр үйді жарықпен, жылумен қамтамасыз етеді. Сіздер, жұртшылыққа жайлылық, елге қуат, жаңа шуақ сыйлап келесіздер. Тұрмыс- тіршілігіміздегі аса маңызды салалардың дамуына қосқан үлестеріңіз үшін аймақ басшысының алғысын жеткізуге арнайы келдім», – деді Шахмардан Байманов.

## ӘКІМШІЛІК ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ



Әкімшілік жаза құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады.

Дегенмен, көлікті масаң күйде жүргізген жүргізуші үшін тағайындалатын жаза қаншалықты қатал болса да, ішімдік ішіп көлік жүргізу әрекеті тыйылмай келеді. Мәселен, Сырдария аудандық сотында көлік басқару құқығы жок бола тұра, заң талаптарын елемей, көлік тізгіндеген азаматқа қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 608-бабы 6-бөлігі бойынша М.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Азамат М. көлік жүргізу құқығы жок бола тұра, 22 ақпан күні автокөлігін алкогольдік ішімдік ішкен масаң күйінде тізгіндеген. Медициналық куәландырудың қорытындысына сәйкес, жүргізуші жеңіл дәрежелі

алкогольді масаң күйінде болған. Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті, өзінің қаншасын мойындаған жауабымен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен толық дәлелденген.

Сот қаулысымен М. жасаған құқық бұзушылығы үшін ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабының 6-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 20 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы тағайындалған.

Мас жүргізуші өз өміріне қауіп төндіріп қоймайды, сонымен қатар айналасындағылардың да өміріне қауіп төндірмейді. Сондықтан да, ішімдік ішіп көлік басқару орны толмас қайғыға себепші болатынын естен шығармайық.

Сырдария аудандық соты



## БАЙҚОҢЫР - ҒАРЫШ ТУРИЗМІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Қазақстандық стандарт бойынша Байқоңыр қаласында мектепке дейінгі мекемелердің саны артып келеді. Бұған дейін қалада екі балабақша ғана жұмыс істесе, соңғы екі жылда облыс әкімдігінің қолдауымен үш жаңа балабақша ашылды. Бұл туралы бүгін өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай айтты.

– Алдағы уақытта тағы бір мемлекеттік балабақшаның ашылуы жоспарлануда, бұл өз кезегінде балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту көрсеткішін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, қалада қазақстандық мектеп ашу мәселесі жан-жақты қарастырылып, нақты шешімдер қабылданды. Бұл бастамалар балалардың сапалы білім мен тәрбие алуына мүмкіндік беріп, қазақстандық білім беру жүйесінің дамуына және ұлттық білім стандарттарының нығаюына зор үлес қосады», – деді, Қайрат Ырзақұлұлы.

Бильғы жылдың 2 маусымда Байқоңыр ғарыш айлағы мен қаласының құрылғанына 70 жыл толады. Осы атаулы күнге орай облыс әкімдігі арнайы мерейтойлық іс-шаралар жоспарын әзірлеуде.

– Жоспар аясында жыл бойына облыстық және республикалық деңгейдегі өнер ұжымдарының концерттері, спорттық жарыстар және түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, мерейтой қарсаңында қалада дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы бастау алмақ. Бұл жоба қала тұрғындары мен жастар үшін маңызды әлеуметтік нысан болмақ. 70 жылдық мерейтой – Байқоңырдың тарихи маңызын айшықтайтын ерекше оқиға. Ұйымдастырылатын шаралар ғарыш қаласының дамуына жаңа серпін беріп, тұрғындар мен қонақтарға мерекелік көңіл-мұрасын кенінен таныстыру бағытында жұмыс істеуде.

Бұл бастамалар Байқоңырдың туристік әлеуетін арттырып, оны әлемдік деңгейдегі ерекше туристік орталыққа айналдыруға мүмкіндік береді, – деді, Қайрат Ырзақұлұлы.

Бильғы жылдың 2 маусымда Байқоңыр ғарыш айлағы мен қаласының құрылғанына 70 жыл толады. Осы атаулы күнге орай облыс әкімдігі арнайы мерейтойлық іс-шаралар жоспарын әзірлеуде.

– Жоспар аясында жыл бойына облыстық және республикалық деңгейдегі өнер ұжымдарының концерттері, спорттық жарыстар және түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, мерейтой қарсаңында қалада дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы бастау алмақ. Бұл жоба қала тұрғындары мен жастар үшін маңызды әлеуметтік нысан болмақ. 70 жылдық мерейтой – Байқоңырдың тарихи маңызын айшықтайтын ерекше оқиға. Ұйымдастырылатын шаралар ғарыш қаласының дамуына жаңа серпін беріп, тұрғындар мен қонақтарға мерекелік көңіл-мұрасын кенінен таныстыру бағытында жұмыс істеуде.



## ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС АЙЛЫҒЫ ЖҮРУДЕ

Қызылорда қаласында туберкулездің белсенді түрімен ауыратын 294 науқас диспансерлік есепте тұр. Өткен жылы туберкулездің 180 жаңа жағдайы анықталса, биыл туберкулездің 26 жағдайы тіркелген. Бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 21,8 пайызға төмендеген. Бұл туралы брифингте Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бейбіт Бидайш пен облыстық фтизиопульмонология орталығы директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Алтекешова мәлімдеді.

– Қызылорда қаласында туберкулез ошақтарынан қарым-қатынаста болған 920 адам тексеріліп, нәтижесінде жаңа 7 жағдай анықталды. Науқастарға арнайы ем тағайындалып, ауру ошақтарында сауықтыру шаралары жүргізілді. Дүниеге келген нәрестелердің 95,3% БЦЖ вакцинасымен егілді. Емхана аймағында 123 бала егілді. Манту сынағасына барлық жоспарланған 41 211 бала уақытылы егумен қамтылды. Айта кету керек, аурудың алдын алу үшін балалар мен ересектер жыл сайын флюорографиядан өткен жөн. Бұл ауру болған жағдайда оны тез арада анықтауға ықпал етеді. Сонымен қатар, күнделікті өмірде сапалы тамақтану, салауатты өмір салтын ұстанған абзал, – деді басқарма басшысының міндетін атқарушы Бейбіт Молдахметұлы.

орындарында дәрістер, акциялар ұйымдастырылуда.

– 24 наурызға дейін қоғамдық орындарда, базарлар мен сауда орталықтарында акциялар ұйымдастырылып, медициналық мекемелерде ашық есік күні өтеді. Онда қала тұрғындары флюорографиялық тексеруден өтіп, көрсеткіш болған жағдайда фтизиатр дәрігерден кеңес алып, қажетті талдаулар тапсыра алады. Облыста туберкулезге қарсы бағдарламаның бақылауы жүргізілуінің нәтижесінде аурушаңдылық көрсеткіші соңғы 10 жылда 2 есеге азайды, – деді облыстық фтизиопульмонология орталығы директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Огадиқызы.

Ең бастысы – аурудың алғашқы белгілерінде дереу дәрігерлік көмекке жүгіну керек. Туберкулез дер кезінде анықталып, уақтылы емделсе, толық жазылады. Негізгі белгілері: 2 аптадан астам жөтел, арықтау, тершендік, кеуденің ауырсынуы, қан кету, жалпы әлсіздік және шаршау, ұзақ уақыт дене қызуының көтерілуі пайда болса, дереу емхананыңға хабарласу қажет.

## МИКРОСПОРИЯ НЕМЕСЕ «ҚҰРҒАҚ ТЕМІРЕТКІ»

Микроспория немесе «құрғақ теміреткі» - жұқпалы тері ауруы. Микроспория ерекше микроб-саңырауқұлақпен қоздырылады. Ауруды тасымалдайтын құрғақ теміреткімен ауыратын мысық, ит, бұзау, сиыр, жылқы, тышқандар.

Адамға ауру жануармен жанасқанда, ауру жануардың тері қабыршақтарымен залалданған тұрмыстық заттардан, 3-4% жағдайда адамнан адамға жұғады. Саңырауқұлақтар тұрмыстық заттарда, киімде, ойыншықтарда және басқа да заттарда жылдан астам, қоршаған ортада (топырақ) бір ай сақталады. Микроспориямен негізінен балалар ауырады, ересектер арасында сирек кездеседі. Саңырауқұлақ шашты, теріні, кейде тырнақты зақымдайды. Бастың шашты бөлігі зақымдалғанда

шаштың түсуі пайда болады. Терідегі зақымдалу ошақтары дөңгелек пішінді қызғылт түсті қабыршақты, көпіршікті білдірген. Бір қызығы, сол уақыттағы басылымдарда көтеріліс туралы ешқандай мәліметтер берілмеген. Бірақ тарихшылар бұл оқиғаның жексенбі, 8-наурыз күні орын алғанын анықтаған.

1910 жылы Копенгагенде өткен әйелдер форумында неміс коммунист

Тері жабынының жаракаты қоздырғыштың енуіне себеп болады. Клиникасында шаштың түсуі, терінің қабынуы, зақымдалған теріні басқанда аурысыну, түлеуі, қышуы, шаш түскен ошақтардың ұлғаяуы бір-біріне қосылуы, құлақмаңы және желке лимфа түйіндерінің үлкеюі байқалады. Дер кезінде ем басталса аурудан толығымен айығады. Негізгі алдын алу шаралары:

-іесіз мысық, иттермен ойнамау, оларды үйге әкелмеу. Асыраған күшік немесе мысықтарды ветеринар дәрігерге қарау керек; -үй жануарларын жылына 1 рет және қажеттілігіне қарай ветеринар дәрігерге көрсету; -жеке бас гигиена ережелерін сақтау: басқа адамдардың бас

киімін кимеу, сүлгі, тарақ, жуынатын заттарын қолданбау, микроспориямен ауырған балалардың кітап, дәптер, ойыншықтарын қолданбау;

Сонымен қатар, есте сақтау қажет: -микроспориямен ауырған адамдар толығымен сауыққанша балабақшаға, мектепке (оның ішінде музыка, спорт мектептерінде), моншаға, шаптаразға, бассейнге бармау қажет; -ауырған адамға күтім жасаушылар дәрігердің ұсыныстары орындау, ауру қайталанбас үшін қорытынды дезинфекция жүргізу қажет; жануарды емдету қажет.

**Ә. КАСАНОВА,**  
Облыстық тері-венерология диспансері емхана бөлімінің меірігері

## ШАРУАШЫЛЫҚТАРДАҒЫ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САНИТАРИЯЛЫҚ НЫСАНДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ГИГИЕНАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Ветеринариялық нысандардың негізгі міндеті – аурулардың алдын алу шараларын, ветеринариялық-санитариялық және емдеу жұмыстарын жүргізу және қадағалау әрі диагностикалық зерттеулерді жүргізу болып табылады. Ветеринариялық нысандарға жататындар: ветеринариялық емхана, ветеринариялық пункт, ветеринариялық лаборатория және изолятор т.б. Ветеринариялық емхана-бұл цикл аяқталғанша қызмет ететін мал дәрігерлік мекеме. Ол ауру малға амбулаториялық және тұрақты (санитариялық) емдеу, диагностикалық зерттеу, сондай-ақ шаруашылықтарда профилактикалық, ветеринариялық-санитариялық және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Емхана амбулаторлық және санитарлық бөлімдерден тұрады.

Ветеринариялық орын (пункт)-әртүрлі мал шаруашылықтарына қызмет етуге арналған. Пункт ауру малға амбулаторлық және тұрақты көмек көрсетеді, сондай-ақ профилактикалық және ветеринариялық-санитариялық жұмыстарын жүргізеді. Ветеринариялық лаборатория-шошақ фермасы, құс фабрикасы және асыл тұқымды мал шаруашылығында орналасатын, соларға қызмет етеді. Лабораториялық диагностикалық зерттеулер, азықтын сапасын зерттеу, профилактикалық емдік және ветеринариялық-санитариялық шаралар жұмысын жүргізеді. Изолятор-барлық мал шаруашылықтарында орналасқан. Изоляторға ауру малды індет ауруына күдіктенгенде бөлек күтіп-бағады. Изолятор-бөлек қоршалған, кіріп шығатын

жерінде дезинфекциялық өткел болуы тиіс. Ветеринариялық және санитариялық нысандарға жататындар: сойыс-санитариялық пунктті карантиндік орын, дизөткел, дизтөсеніш, санитариялық өткел.

Сойыс-санитариялық орын-малды еріксіз сойыға келгенде, малды сойып тексеру үшін өлексіні толық құтылып утильдеп, өңдеуге арналған. Пункттың екі бөлімі болады: малды сойтын және өлексені утильдейтін. Карантиндік орын-мұндай қораға шаруашылыққа басқа жақтан келген малды күтіп ұстайды, оларға клиникалық, диагностикалық зерттеу жүргізіледі және ветеринариялық-санитариялық тексеруден өткізеді. Карантинде малды ең кем дегенде 30 тәулік ұстайды. Фермаға кірер алдындағы дизөткел-ол көліктің дөңгелегін дезинфекциялау үшін керек. Дезөткелді шаруашылық территориясы кірер алдында орналастырады. Дезтөсеніш-мұны қораға кірер алдында аяқ киімді дезинфекциялау үшін төсеп қояды және әрбір қора алдында (бұзау-қора, мал тузатын орын және т.б.) орналастырады.

Санөткел – бұл малышларға арналған санитариялық-тұрмыстық бөлме. Бұны шаруашылық территориясында кірер алдында орналастырады, сол жерден барлық шаруашылық қызметкерлері фермаға келген адамдар да ветеринариялық-санитариялық режимді сақтау үшін өтеді. Барлық ветеринариялық объектілер суық және ыстық сумен қамтамасыз етіліп қоршалады.

Техникалық қауіпсіздік және өндірістік санитариялық шаралар жиынтығы

малшыларды зооантропонозды аурулардан сақтауды, еңбек өнімділігін жоғарлатуды және жоғары сапалы өнім алуды қамтамасыз ету керек. Малышлар еңбек қорғау ережелерімен танысу үшін әкімшілік оларға алғашқы жұмыс орындағы кезеңді нұсқауларды беруі тиіс. Алғашқы нұсқаумен барлық жұмысқа жанадан келген адамдар (міндеті мен мамандығына қарамай) танысады. Оның мақсаты жұмысқа келген адамдарды еңбек қорғау ережелері және кәсіпорынның ішкі тәртібімен таныстыру. Жұмыс орындағы нұсқауды топ жетекшісі жүргізеді. Бұл нұсқау жұмыстың қауіпсіз тәсілдерін практикада игерудің бастамасы болып табылады. Жануармен тікелей жұмыс істейтін адамдарды жеке бастың гигиенасымен таныстырады. Кезеңді нұсқау мал шаруашылығы жұмысшылары үшін 6 айда бір рет жүргізіледі. Жазатайым жағдайда болса фермада қосымша нұсқау жүргізіледі. Оған барлық малышлар қатысады. Дегенмен де, мұндай шаруашылықта қолайсыз факторлар сақталады, мысалы: ұзақ уақыт бойы қора-жайларда жүру, малдың тығыз орналасуы, ауаның бактериялармен ластануы, бұлардың барлығы мал шаруашылығындағы жұмысшылардың денсаулығына зиянды әсерін тигізеді. Сондықтан да мал қора-жайларда оптимальді микроклиматты сақтау қызмет көрсетушілерді аурудан сақтаудың маңызды факторы болып табылады.

**А. РАЙСОВА**

**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің арнайы пән оқытушысы**

## ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ДЕРЕКҚОРЫНА МӘЛІМЕТ ҰСЫНУ НАУҚАНЫ

«ҮЕҮ дерекқор базасына» есептік ақпарат ұсыну мерзімі өзгеріссіз 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 наурызға дейін жалғасатынын естеріңізге саламыз. ҮЕҮ Дерекқорына мәлімет ұсыну мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік гранттар шеңберінде әлеуметтік бағдарламаларды және (немесе) әлеуметтік жобаларды іске асыруға, сондай-ақ ҮЕҮ үшін сыйлық алуға арналған конкурстарға қатысу үшін міндетті шарт болып табылады. ҮЕҮ Дерекқорында болу ұйымдарға ҮЕҮ-ның табысты жобаларымен танысуға, тәжірибе алмасуға, ынтымақтастық пен серіктестік орнатуға мүмкіндік береді.

Мәліметтер ҮЕҮ өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру Қағидаларына сәйкес ұсынылады.

«ҮЕҮ дерекқор базасы» ақпараттық жүйесі (веб-сайт - infopop.gov.kz) esep.govtec.kz және цифрлық платформасына көшуде. Жанартылған платформа бойынша әдістемелік нұсқаулықпен мына келесі сілтеме бойынша - <https://esep.govtec.kz/video.mp4> арқылы таныса аласыздар. 2025 жылғы еліміздің үкіметтік емес ұйымдары 2024 жылдың есебін ескі [www.infopop.gov.kz](http://www.infopop.gov.kz) платформасына кіру арқылы автоматты түрде жанартылған порталда ақпарат ұсынатын болады.

## ҚЫШЫМА



Қышыма – микроскопиялық қышыма кенелері тудыратын, теріге еніп, қатты қышыну мен бөртпе тудыратын жұқпалы паразиттік тері ауруы. Қышыманың асқынуы тері жарасының, сепсисінің, жүрек және бүйрек ауруларының дамуын қамтуы мүмкін.

Қотыр бүкіл әлемде кездеседі, бірақ көбінесе табысы төмен тропикалық аймақтарда кездеседі. Жұқтыру қауіп бар халық топтары - жас балалар. Дүние жүзінде кез келген уақытта 200 миллионнан астам адам қышыма ауруын жұқтырады және жыл сайын барлығы 400 миллион адам жұқтырылады.

Қазақстан Республикасында 2024 жылдың өткен кезеңінде қышыма ауруы 35,4%-ға, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында 22,6%-ға өскен. Инфекция көбінесе науқаспен тікелей байланыста болады, бірақ сонымен қатар төсек-орын, киім және аяқ киім арқылы беріледі. Нәтижесінде науқаспен жақын қарым-қатынаста болған әрбір адам емделуі керек. Қышыманың эпидемиялық ошағында (отбасы, жатақхана, балабақша тобы, мектеп сыныбы және т.б.) ауру адаммен қарым-қатынаста болған барлық адамдар тексеріледі. Толық қалпына келгенге дейін балалар мекемелеріне баруға тыйым салынады. Қотыр кенесі +50°C температурада 10 минут ішінде, ал қайнатқанда – бірден өледі. Сондықтан жұқтырған теріге тиген барлық іш киімдер мен басқа заттар мұқият термиялық өңдеуден өтуі керек - қайнату немесе жаңасыммен ауыстырылуы керек. Жастықтарды, матрацтарды, көрпелерді, сырт киімдерді 5-7 күн бойы жақсы желдетілетін жерге

қою керек. Ошақ тазаланады, едендер содамен жуылады және дезинфекциялық заттар қосылады. Үй-жайларды және тұрмыстық заттарды жеткіліксіз мұқият өңдеу қайталама инфекцияға әкелуі мүмкін, сондықтан емдеудің сәттілігі тек дәрілік препараттарды қолдануға байланысты емес. Қотырмен ауырмау үшін келесі ережелерді сақтау керек:

- жеке іш киім мен төсек-орын, киім-кешек пен сүлгілерді пайдаланыңыз.
- үнемі жуыңыз, ішкі киімді міндетті түрде ауыстырып, ыстық сумен жуып, үпкітеу керек;
- басқа адамдардың жуғыншықтарын, іш киімдерін, киімдерін, ойыншықтарын және т.б. пайдалануды болдырмаңыз.
- Қолдарыңыз бен тырнақтарыңызды әрқашан таза ұстаңыз.
- тұрғын үй-жайларды үнемі тазалап отыру.
- ванналар мен душтарда белгіленген санитарлық режимді сақтау.

Жеке гигиена шаралары мен гигиеналық нормаларды сақтау арқылы сіз өзіңізді және жақындарыңызды инфекциядан қорғай аласыз.

**Қ. ЖАҢАБАЕВА,**  
облыстық тері-венерология диспансері емхана бөлімінің меірігері

## 8-НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?



Жыл сайын 8-наурыз күні Халықаралық әйелдер мерекесін әр біріміз әдемі гүлдермен, қымбат сыйлықтармен тойлауды әдетке

айналдырдық. Бүгінгі күні 8-наурыз мейрамының түп-тамыры сонау XX ғасырдың басындағы барша әйелдердің өз құқықтары үшін күресінде жатқанын бірі - білсе, бірі - білмес. Дегенмен, мерекенің шығу тарихы жайлы тарихи болжамдар да жеткілікті.

Кеңестік кезеңдегі ресми нұсқа бойынша, 8-наурызды тойлау 1857 жылы Нью-Йорктағы қызметші әйелдердің «бос ыдыстар шеруімен» тығыз байланысты екенін айтатын. Олар қолайсыз еңбек жағдайлары мен төменгі жалақы үшін наразылық білдірген. Бір қызығы, сол уақыттағы басылымдарда көтеріліс туралы ешқандай мәліметтер берілмеген. Бірақ тарихшылар бұл оқиғаның жексенбі, 8-наурыз күні орын алғанын анықтаған.

1910 жылы Копенгагенде өткен әйелдер форумында неміс коммунист

әйел Клара Цеткин бүкіл әлемді 8-наурыз күнін «Халықаралық әйелдер күні» деп тағайындауға үгіттеді. Оның айтағы, дәл осы күні барлық әйелдер көтеріліс жасап, сол арқылы қоғамды өз мәселелеріне назар аударуға шақыра алады. Алғашында бұл мереке «Халықаралық еңбекші әйелдердің құқықтарын қорғау күні» болып аталса, 1921 жылдан бастап КСРО-ның ресми мейрамдарының қатарына қосылды.

Қорыта айтқанда, «халық айтса, қалып айтпайды», «ел құлағы – елу» демекші, бірнеше ұлттар арасында таралып кеткен бұл аңыздар 8-наурыз күнін «Халықаралық әйелдер күні» деп атауға еш кедергісін тигізген жоқ. Ал оны тойлау, әлде тойламау әркімнің өз еркінде. «Әйел» атауына сыйлық сыйлап, көңілдерін қуанту үшін бір күннің болуы міндетті емес. Себебі, әйелдер әр күні бақытты болуға лайықты емес пе?

Ораза сөзі араб тілінде саум деп келеді. Тілдік мағынасы «тыйылу» деген мағынаға саяды. Ал діни терминдік мағынасы «арнайы ниет етумен таң атқаннан кеш батқанға дейін ішіп-жеуден өзін-өзі шектеуді білдіреді. Ораза һижраның екінші жылында парыз болды, содан бері мұсылман жұртшылығы ауыз бекітіп келеді.

Оразаға түрлі үкім берілген. Рамазан оразасы парыз болса, қалған нәзір оразалар уәжіп болады. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дүйсенбі-бейсенбі күндері үнемі ұстаған оразалары сүннет болғаны секілді, бекітілмегендері нәпіл ораза деп аталады. Ал Құрбан айт және Ораза айт күндері ораза ұстау харам етілген.

Дініміздің тірегі, бес парыздың бірі саналған ораза ең әуелі адамды Алланың ризалығы үшін деп ізгі істеуіне бағыттайды. Парыз етілген құлшылықты тек Құдай үшін деп орындауына әкеледі. Себебі пенде бас пайдасын дүниемен ғана есептеп, өзге сауапты істі кейінге қалдыратыны анық. Ал ораза ұстаған адам кеш батқанша өзін құлшылыққа арнайды. Бұл ісі оған дүниелік пайда бермегенмен, Жаратушысын риза етуге жетелейді. Біреулер оразаның пайдасын айтып жатса, өзгелер оның зиянын айтып, «ораз емес, диета ұстау керек» деп жатады. Алайда ораза парыз болғандықтан, оның пайда-зиянын емес, Жаратушының бұйрығы екенін ғана есепке алуға үйретеді. Әрине Алла Тағала пендесіне зиянды істі әсте бұйырмайды. Оразадан алатын ғибадаттың бірі осы болмақ.

Оразаның негізгі мақсаты – адамды тақуалыққа жеткізу. Құран Кәрімдегі: «Әй иман келтіргендер! Бұрынғыларға ораза ұстау парыз етілгенді, сендерге де ораза ұстау парыз етілді, әрине тақуалыққа жетулерің үшін», – деген («Бақара» сүресі, 183-аят) аятты түсіндірген төңірісі туралы, оразаның адамды тәрбиелеп тақуалыққа жеткізетінін тілге тиек еткен (Құртыб, 2 том, 111 бет, «Бақара» сүресі 183-аятының



## ОРАЗАНЫҢ ҒИБАДАТЫ

төңірісі).

Ораза адамның мінез-құлқына тікелей әсер етеді. Себебі ораза ұстаушы үнемі өзін-өзі бақылауда ұстап, жаман әрекеттерден аулақ жүруге тырысады. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде келтірілгендей, ораза ұстаушыға өзге адам тіл тигізсе немесе ауыр сөз айтса «мен оразамын» деп айтсын деп бұйырған (Бұхари, Мұслим). Демек өзгеге зиян тигізу былай тұрсын, нақақтан біреу оған тіл тигізсе, оған көркем түрде «мен оразамын» деп жауап қайтарсын делінген. Міне осылайша, көркемдікті ұстану арқылы ораза ұстаған адам мінезін түзейді.

Ұнамысыз-арсыз іс-әрекеттерден аулақ болу арқылы жанын тазартады. Өзінің мінез-құлқын және өзге адамдармен қарым-қатынасын түзеу арқылы жақсы қасиеттерге ие болып, тақуалыққа жетеді. Құранда Алла Тағала адамдардың ең қадірлісі тақуа жан екенін ескерткен («Хужурат» сүресі, 13-аят).

Ораза адамды иман денгейіне жеткізеді. Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ихсан деген не?» – деп сұрағанда: «Алланы көріп тұрғандай құлшылық етуің. Сен оны көрмесең де, Ол сені көріп тұр», – деген (Бұхари). Демек ихсанның екі денгейі бар екені айтылуда. Әуелгісі Алланы көріп тұрғандай құлшылық жасау

болса, екіншісі оның сені көріп тұрғанын сезінуі екен. Ораза осы екінші денгейде орындалатын құлшылықтың түрі екені айдан анық. Себебі ораза ұстаған адам үнемі оразасы ашылып кетпейтін жағдайды ойластырып жүреді. Тіпті дәрет алған уақыттың өзінде аузы-мұрнынан су кетіп қалмасы үшін мұқияттылық жасайды. Міне осы ісі ихсан денгейі деп есептеледі.

Аузын бекіткеннен бастап ашқанға дейін оразасына кедергі болатын істерден қашуы, үнемі өзін-өзі бақылауы, Алланың оны көріп тұрғанын сезінуі ең үлкен жақсылық болып есептеледі. Өйткені оразаның жауабы да ерекше көрсетілген. Құдс хадисте Алла Тағала: «Пенденің жасаған құлшылықтарының барлығы өзі үшін. Ал оразасы мен үшін, оның сауабын да Өзім беремін», – деп (Ибн Мәжа), жақсылықтың сауабын жазатын періштелердің өзі үлкен іс екенін білдірген. Демек пендені өзге ғибадаттар емес, оразаның ихсан дәрежесіне жеткізуі ғибадат аларлықтай орны бөлек құлшылық екенін көрсетеді.

Ораза ұстаған адам ең алдымен сабырлы болуды үйренеді. Себебі аштық адамға белгілі дәрежеде қиындық әкеледі. Содан болса керек, қазақ атамыз «Аш адамнан қырық күн ақыл сұрама» деген. Аш жүрген кісі ашушан әрі ұрысқа жақын келеді. Ешнәрсені жақтырмай, қарсы пікір айтуға бейім тұрады. Сондықтан

хадистерде: «Ораза ұстаған кісі ешкіммен жанжалдаспасын, өзгелер тіл тигізсе немесе ауыр сөз айтса «мен оразамын» деп айтсын», – деп бұйырылған (Бұхари, Мұслим). Отыз күн бойы осылай өзін сабырға әрі көркем мінезге бейімдеген адам қарны тоқ әрі көңіл-күйі орнында тұрған уақытта жанжалдан мүлдем аулақ жүрері сөзсіз. Оразаның сауабын аламын деп жүрген кісі түрлі жаман істерден бойын аулақ ұстайды. Өйткені ұрыс-жанжал мен өсек-аяң сөздер оразаны бұзбағанымен сауабын кемітіп, кешке дейін тек аш жүрген адаммен бірдей күйге түсіретінін біледі. Байқағанымыздай, оразаны лайықты түрде ұстаған кісі, көркем мінездің шыны болып есептелетін сабырлық пен шыдамдылыққа үйренеді. Сол арқылы өзгелермен қарым-қатынасы түзелеп, өмірдің қиындығы мен тағдырдың тауқыметіне төзе білетін кемел жанға айналады. Осы қырынан да үлкен ғибадат аламыз.

Оразаның тағы бір ғибадатты тұсы – адамның өзін өзгенің орнына қойып оның жағдайын сезінуі. Аш-жалаңаш жүрген пенделердің жағдайын білмеген, оны сезінбеген адам бірден ол жайлы жаман айта болады. Оның айтқанының барлығын қабылдағысы келмей, өтірікке балайды.

Қазақта «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» деген нақыл сөз бар. Намаз барлығын бір сапқа тұрғызғаны секілді, ораза да жаппай аштықты сездіреді. Ораза ұстаған жан ғана жетім балалардың және қайғыға душар болып, ішерге ас таппай жүрген жандардың жай-күйі жаксы түсінеді. Шарият дәулетті кісілердің кедей-кешілікке көмектесуін бұйыруы да сондықтан. Әсіресе Рамазан айынан кейін пігір садақа беріп, жоқ-жітікке қол ұшын созуын міндетті етуінің хикметі де осы болар.

Ендеше, ойланып ақыл-жүгірткен кісіге бір оразаның өзінде талай ғибадат жатыр. Алла Тағала бір істі бұйырған болса, ол пенденің игілігі үшін. Ал бір істен тығған болса, ол да пенденің амандығы үшін екенін ұмытпаған жөн.

## ОРАЗАДА НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?



### Ауыз бекітетін кезде оқылатын дұға

Оқылуы: «Нәуәйту ән асумә саумә шәһри Рамаданә минәл фәжри иләл мағриби халисан лилләһи тағалә». Бұл дұғаның мағынасы мынадай: «Таңертеннен кешке дейін Алланың ризалығы үшін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім»

### Ауыз ашар кезде оқылатын дұға

Оқылуы: «Аллаһуммә ләәкә сумту уә биәкә әәмәнту уә 'аләйкә тәуәккәлту уә 'ала ризикәкә әфтарту. Захәбә Зомә уәбтәлләтил-урук уә сәбәтал-әжру ин шәә Алла». Мағынасы мынадай: «Алла Тағала! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Сенің берген ризығыңмен аузымды аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел жасадым. Шөл кетті, тамырлар суланды, инашалла, сауабы да жазылды».

### Қадір түнінде оқылатын дұға

Бұл дұғаны Рамазан айының соңғы он күнінде көбірек оқыған абзал. «Уа, Алла! Расында, Сен кешірімдісің, кешіргенді жақсы көресің. Мені де кешіре гөр!». Бұл дұға былай оқылады: «Аллаһуммә иннәкә Ғафуун, тухиббул-ғафуа фағфу-ғанни».

### Кімдер ораза ұстамаса болады?

Наукас адам. Егер мұсылман адам ауырып, ауыз бекіте алмаса, онда оразасын тоқтата тұрса болады. Бірақ қазасының орнын міндетті түрде толтыруы керек. Сонымен бірге қатты шөл не аштық қысып, соның себебінен өліп қалуы мүмкін болған жағдайда оразасын тоқтатып, кейін қазасын тоқтатса болады.

### Бұл жерде ескеру керек маңызды жайт: шыдауға болатын, елеусіз бір ауру болған жағдайда тоқтатуға тыйым салынған.

Сапарда жүрген адам. Жолға шыққан адамның жағдайына не сапарының қиын-жеңіл болғанына қарамастан, оған аузын ашуға рұқсат етілген. Жолы жеңіл, еш қиындықсыз болса да сапардағы адам намазын қысқартып оқып, ораза ұстамаса болады. Бірақ жолдан келген соң, басқа күндерде оразасының санын толтыруға міндетті.

Қарт адам. Ораза ұстауға шамасы келмейтін, жасы келген адамдарға ораза ұстамауға рұқсат етіледі. Оны өтемесе де болады. Дегенмен ораза ұстамаған әр күні үшін бір кедейді тамақтандыруы керек делінген. Бұл жазылмайтын дертке шалдыққандарға да қатысты.

### Жүкті және бала емізетін әйелдер.

Егер әйел ауыз бекітуі өзіне не баласына қауіпті деп ойласа, онда оразасын тоқтата алады. Бірақ ұстай алатын болса, қаза қылуға тыйым салынады. Ұстамаған жағдайда кейін қазасын өтеуі керек.

Жас балалар мен ақылшан адасқан адамдар. Жаман істерді жазатын періште баланың

кәмелетке толғанынша, ұйықтап жатқан адамның оянғанша және ақылдан адасқан адамның есі жиылғанша істеген істерін жазбайды. Ораза да осы себепті бұл қатарға кіретін адамдарға парыз емес.

### Оразаға дейін не істеп үлгеру керек?

Алдымен ниетті түзеуден бастау қажет. Барынша осы айда сауапты істі молынан істеуге ұмтылыңыз. Ол үшін өзіндік амалдар кестесін дайындаңыз болады. Оның ішінде тақуалығыңызды арттыратын істерге қоса, пайдалы әдеттерді де қосыңыз. Бір ай бойы тоқтаусыз істеп үйренсеңіз, дағдыға айналдыру ризалығың үшін ораза ұстадым. Сенің берген ризығыңмен аузымды аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел жасадым. Шөл кетті, тамырлар суланды, инашалла, сауабы да жазылды».

### Қаза күндерді өтеу

Былтырдан қалған қаза оразаларыңыз болса, соны міндетті түрде өтеңіз. Одан қаза берді физикалық тұрғыда дайындықты да ертерек бастаған абзал. Мысалы, майлы, ашы тамақтардан бастап, кофе, газ сусындарды азайтыңыз. Өйткені бұл сіздің денсаулығыңызды нашарлатып жіберуі мүмкін. Ауырып қалып жатсаңыз, оразаны қаза қылып алуыңыз ғажап емес. Сондықтан оразаға ағзаны барынша ертерек дайындаған абзал болады. Мейлінше мол сауапқа кенелгіңіз келсе, осы айда діни білімге ден қойып, құлшылыққа бет бұрсаңыз құба-құп.

### Биыл қадір түні қай түнге түсіп тұр?

Рамазан айындағы ең маңызды түн – Ләйләтул Қадір. Бұл күні Жерге Құран түскендіктен, мұсылмандар бұл түнді ерекше күтеді. Қадір түнінде періштелер жерге түседі. Осылайша күллі жер бетіне береке тарайды. Қадір түнінің нақты қай түн екенін Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ғана білген. Яғни оны белгілі бір күн деп нақты айта алмаймыз. Өйтсе де, Рамазан айының соңғы он күнінің ішінде делінген. 2025 жылғы діни мерекелер кестесіне сүйенсек, қадір түні наурыз айының 26-сынан 27-сіне қараған түні болуы мүмкін. Хадистерде бұл түн тыныш, қатты ыстық та, салқын да емес болады деп келтіріледі.

### Құрбан айт қашан тойланады?

Биыл Құрбан айт мерекесі 6-8 маусым аралығына түсіп тұр. Ораза айтты мұсылмандар үш күн қатарынан тойлайды. Айттың алғашқы таңында барлық мешітте Айт намазы оқылады. Одан кейін осы Құрбан айт мейрамының үш күнінің бірінде жағдайы бар мұсылман құрбан шалуға тиіс. Құрбан айт мейрамы Мекке мен Мәдина қалаларында қажылық парызын өтейтін кезеңмен айналады.

## МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» МӘРТЕБЕСІН ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Сақтандырылған мәртебесін алу үшін 12 өткен немесе алдағы 12 айға, ал мәртебені сақтап қалу үшін үзбей жарна төлеп тұру қажет. Алайда есепші қажетті төлемдерді төлеп отырса да, нәліктен ресми жұмысқа орналасқан адамдар мәртебесіз қалып жатады. Ал кейбір азаматтар үшін тіпті жарна төлеудің қажеті жоқ.

МӘМС жүйесінде жарна төлеушілер түрлі жағдайларға тап болады. Солардың арасында ең жиі кездесетін жағдайларды Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында қарастырды.

**-Мен ресми жұмысқа орналасқанмын, жұмыс беруші мен үшін төлемдер жасайды. Сонымен бірге жұмыс істеп тұрған жеке кәсібім бар, мен ЖК атынан МӘМС-ке жарна төлеуім керек пе?**

-Жеке тұлғалар, оның ішінде жалдамалы жұмыскерлер, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт (АҚС) бойынша жұмыскерлер және жеке кәсіпкерлер МӘМС жарналарын төлеушілер болып табылады («Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңның 14-бабының 2-тармағы).

Егер жалдамалы жұмыскер кәсіпкерлік қызметті де жүзеге асырса, онда МӘМС төлемдері келесідей болады:

1) жалдамалы жұмыскер ретінде МӘМС-ке жарналар-



### МӘМС жүйесінде «сақтандырылған» мәртебесін қалай алуға болады?

қызметкердің табысынан 2% мөлшерінде төленеді, МӘМС-ке аударымдар-жұмыс берушінің есебінде 3% мөлшерінде төленеді;

2) ЖК ретінде төлеуші МӘМС жарналарын да төлейді, бірақ табыстан емес, ең төменгі жалақының 1,4% – 5 5% мөлшерінде жарнаның тіркелген сомасын (2024 және 2025 ж.ж. 5950 теңге) төлейді.

Осылайша, егер жеке тұлға жалдамалы қызметкер болып

табылса және салық есептілігін (ҚР Салық заңнамасына сәйкес) ұсынуды тоқтата тұрмаған немесе әрекетсіз деп танылмаған дара кәсіпкер ретінде тіркелсе, онда МӘМС жарналарын ЖК ретінде төлеу жөніндегі міндет одан алынбайды.

**-Мен жұмыс істемеймін және медициналық сақтандыруға ешқашан жарна төлеген емеспін. Алда құны қымбат операция күтіп тұр. Оны**

**МӘМС бойынша жасатуға болады. Мен сақтандырылған мәртебесін қалай ала аламын?**

-Мәртебе алу үшін жарналарды келесі әдістердің бірімен тәуелсіз төлеуші ретінде төлеуге болады:

1) Ағымдағы немесе келесі айдан бастап алдағы 12 ай үшін әрбір ай үшін ЕТЖ-дан 5% мөлшерінде жеке-жеке (2025 жылы - 4250 теңгенде);

2) өткен 12 айда әрбір ай үшін ЕТЖ-дан 5% мөлшерінде жеке-жеке (2025-2024 ж.ж. - әр ай үшін 4250 теңгенде).

Егер пациент алдағы жылы ресми жұмысқа орналасуды жоспарламаса және жеңілдікті санаттарға жатпаса, онда бірінші әдісті таңдаған жөн. Бұл бір жылға алдын ала сақтандырылуға мүмкіндік береді. Төлемдер «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ-да 2-3 жұмыс күні ішінде өңделетінін білу маңызды, содан кейін төлеушіге мәртебе беріледі.

**-Менің ЖШС бар, қазір одан табыс көзі жоқ. Бірақ менде төленбеген айлар қалды. Осы кезең үшін төлемді дербес төлеуші ретінде төлей аламын ба?**

-Егер азамат ЖШС құрылтайшысы болып табылса, онда ол дербес төлеуші ретінде ЕТЖ-дан 5% мөлшерінде жарналарды төлейді (2024-2025 ж.ж. әр ай үшін 4250 теңгенде). Егер ол осы ЖШС қызметкері болса (мысалы, директор), онда ол ретінде 2% жарна және 3% аударымдар жасауы қажет.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор  
Егиншибаева Анар  
Жақшыбекқызы**

Жауапты хатшы  
**Зибаш ӘЛИ**  
8 705 982 76 61

**Ақылдастар алқасы:  
Әбілбай Садықбаев  
Данияр Сұлтанбеков  
Рысбай Кәрімов**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

**Редакцияның  
мекен-жайы:  
Тоқмағанбетов  
көшесі 36 а,  
1 қабат 4 кабинет  
Телефон:  
8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9726 дана  
Индекс 66503  
Тапсырыс №47**

**E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru  
Электронды нұсқасы:  
https://ret-gazeta.kz/**